

**"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы № 436 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1416 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.01.2016 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы № 436 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 19, 192-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған модельдік келісімшарт;

2) инвестициялық преференциялар берілетін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы сыныптарының деңгейінде қызметтің басым түрлерінің тізбесі;

3) технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізат және (немесе) материалдардың импорты кезінде кедендік баждар салудан босатылатын экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы сыныптарының деңгейіндегі қызметтің басым түрлерінің тізбесі;

4) Инвестицияны мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік органдардың мамандарын, консультанттар мен сарапшыларды тарту ережесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған модельдік келісім-шарт осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық преференциялар берілетін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауыш сыныптары деңгейіндегі қызметтің басым түрлерінің тізбесі:

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

«Ескертпе: технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты кезінде кеден баждарын салудан босатылатын экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышының сыныптары деңгейіндегі қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты кезінде кеден баждарын салудан босату беріледі.»;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты кезінде кедендік баждар салудан босатылатын экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы сыныптарының деңгейіндегі қызметтің басым түрлерінің тізбесімен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*  
Қ а з а қ с т а н  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 8 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 1 4 1 6 қ а у л ы с ы н а  
1-қосымша  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 м а м ы р д а ғ ы  
№ 4 3 6 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған модельдік келісімшарт**

Астана қаласы

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Осы инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған инвестициялық келісімшарт, бұдан әрі Тараптар деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ (Ереже немесе Бұйрық) \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ (басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_ (бұдан әрі - Уәкілетті орган)

(уәкілетті органның атауы)  
және \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін  
(Жарғы немесе сенімхат)  
\_\_\_\_\_ атынан  
(басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның аты-жөні)  
\_\_\_\_\_ жобаны іске асыруды жүзеге асыратын  
(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)  
\_\_\_\_\_ (бұдан әрі - Инвестор) арасында жасалды.  
(Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының атауы)

М ы н а л а р д ы :

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасы қызметтің басым түрлерінде жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңарту мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал жасауға бағытталғанын;

2) Уәкілетті органға инвестициялық келісімшарттарды жасасуға және орындалуын бақылаумен байланысты тікелей құқықтар берілгенін;

3) Уәкілетті орган және Инвестор

\_\_\_\_\_ (инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық жобаның атауы)  
жобаны іске асыру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндетін реттейтіні туралы уағдаласқандығын назарға ала отырып, уәкілетті орган және Инвестор төменде көрсетілгендер туралы осы инвестициялық Келісімшартты жасасты.

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы инвестициялық келісімшартқа қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) инвестициялық келісімшарт - инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған шарт;

2) кірістер - пайданы, дивидендті, және басқа да сыйақыларды қоса алғанда, олар төлейтін нысанға қарамастан инвестициялық немесе онымен байланысты қызметтен алынатын кірістер;

3) материалдық емес активтер - жиынтық жылдық кірісті алу үшін ұзақ мерзімді кезең ішінде (бір жылдан астам) пайдаланатын материалдық емес объектілер;

4) форс-мажор – инвестициялық келісімшарттың бұдан әрі орындалу барысын қиындататын немесе оған мүмкіндік бермеуге әкеп соғатын тежеусіз күш жағдайлары (әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, дүлей зілзалар және тағы басқалары);

5) үшінші тұлға – инвестициялық келісімшарт бойынша тарап болып

табылмайтын кез келген тұлға;

б) жұмыс бағдарламасы – инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік кестесін айқындайтын, инвестициялық келісімшартқа 1-қосымша;

2. Осы бөлімде жоқ ұғымдар, түсіндірулер «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңындағы (бұдан әрі - Заң) және инвестициялық преференциялар мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық акілердегі ұғымдарға сәйкес мәнге ие.

## 2. Инвестициялық келісімшарттың мән-жайы

3. Осы инвестициялық келісімшарттың мән-жайы Инвесторға \_\_\_\_\_ жоба шеңберінде (инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасында көзделген инвестициялық преференцияларды беру болып табылады.

4. Инвесторға мынадай инвестициялық преференциялар беріледі:

1) технологиялық жабдыққа және жинақтауыштарды импорттау кезінде осы инвестициялық келісімшарттың 2-қосымшасына сәйкес \_\_\_\_\_ мерзімге кедендік баждар салудан босату;

технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектерді, шикізаттар және (немесе) материалдарды импорттау кезінде осы инвестициялық келісімшарттың 3-қосымшасына сәйкес \_\_\_\_\_ мерзімге кедендік баждар салудан босату;

2) мемлекеттік заттай грант: \_\_\_\_\_ түрінде \_\_\_\_\_ құқында \_\_\_\_\_ артынан \_\_\_\_\_ инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелерін орындаған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасында көзделген тәртіппен жер салығы және мүлік салығына жеңілдіктер \_\_\_\_\_ мерзімге (келісімшартты жасасқан күннен жеті жылдан артық емес);

4) әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекенде(дерде) инвестициялық стратегиялық жобаны іске асырушы Инвесторға арналған мынадай шығын түрлері бойынша өнеркәсіптік жеңілдіктер:

газ;  
электр энергиясына;  
жер учаскесін сатып алуға;  
ғимарат, құрылым (құрылыс) сатып алуға.

## 3. Инвестициялық келісімшарттың мақсаты

5. Осы инвестициялық келісімшарт \_\_\_\_\_

(қызметтің басым түрлерінің атауы)

сыныбына сәйкес \_\_\_\_\_ жобаны

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

және инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде инвестициялық преференцияларды беру мақсатында қолдану құқығына сәйкес Уәкілетті орган мен Инвестор арасындағы шарттық өзара қарым-қатынастардың заңды шеңберін белгілейді.

#### 4. Инвестициялық қызмет объектісі

6. Осы инвестициялық келісімшарт бойынша өзіне мыналарды:

Тіркелген активтерге инвестициялар

№ р/с	Шығын баптары	Сомасы (мың теңге)
Негізгі қаражатқа инвестициялар		
1		
2		
Материалдық емес активтерге инвестициялар		
3		
4		
	Жиыны:	

қамтитын \_\_\_\_\_

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

жобаның \_\_\_\_\_ атауы, орналасқан жері \_\_\_\_\_

инвестициялық қызмет объектісі болып табылады.

#### 5. Тараптардың құқықтары

7. Уәкілетті органның:

1) өкілеттіктерді табыстау шегінде инвесторлармен тікелей келіссөздер жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы атынан өкілдік етеді;

2) инвестициялық келісімшарттардың шарттарын және жасасу мен бұзуы тәртібін айқындауға, инвестициялық келісімшарт жасасуға және тіркеуге;

3) \_\_\_\_\_ жобаны іске асыруға

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

бақылау жүргізуге, оның ішінде осы инвестициялық келісімшарттың 20-тармағына сәйкес Инвестордан инвестициялық келісімшарттың шарттарын орындау жөнінде жүйелі есепті талап етуге, сондай-ақ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жобаға

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)  
қатысты өзге де ақпаратты сұратуға;

4) Уәкілетті орган туралы ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

8. И н в е с т о р д ы ң :

1) келісілген \_\_\_\_\_ жобаны  
(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

іске асыру үшін инвестициялық келісімшарт шарттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы емес кез-келген әрекеттерді қабылдауға;

2) Уәкілетті органға белгіленген тәртіппен инвестициялық келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқы бар.

## 6. Тараптардың міндеттері

9. Уәкілетті орган өз құзыры шегінде:

1) инвестициялық келісімшарттың шарттарына сәйкес инвестициялық преференциялар беруге;

2) Инвестордың қатысуымен инвестициялық дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеуде көмек көрсетуге міндеттеме алады.  
10. И н в е с т о р :

1) Жұмыс бағдарламасына сәйкес осы инвестициялық келісімшарттың 6-тармағында көрсетілген инвестицияларды жүзеге асыруға және тіркелген активтерді пайдалануға енгізуге;

2) келісілген \_\_\_\_\_ жобаны  
(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

іске асыру кезінде осы инвестициялық келісімшарттың ережелерін сақтауға;

3) осы инвестициялық келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген қызмет түрін өзгертпеуге және инвестициялық преференциялар берілетін келісілген \_\_\_\_\_ жобаның

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)  
ш а р т т а р ы н б ұ з б а у ғ а ;

4) қазақстандық кадрларды үздіксіз оқыту жүйесін енгізуге және олардың біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізуге;

5) Уәкілетті орган талап еткен

\_\_\_\_\_  
(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

жобаны іске асырылу барысы туралы ақпаратты беру және осы инвестициялық келісімшарттың 20-тармағына сәйкес есеп берудің мерзімін сақтауға;

6) инвестициялық келісімшарт қолданылатын мерзімде берілген мемлекеттік заттай грантты және Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтерді жалға бермеуге, иеліктен айырмауға және олардың нысаналы мақсатын өзгертпеуге;

7) инвестициялық келісімшарт қолданылатын мерзімде осы инвестициялық келісімшарттың шеңберінде 5-тармақта көрсетілген қызметті іске асыру үшін осы инвестициялық келісімшарттың 3-қосымшасына сәйкес технологиялық жабдыққа импортталған қосалқы бөлшектерді, шикізат пен (немесе) материалдарды қолдануға міндеттеме алады.

## **7. Салықтар және төлемдер**

11. Инвестор Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндеттеме алады.

## **8. Форс-мажор**

12. Инвестициялық келісімшарт бойынша қандай да болмасын орындамаған міндеттемелер үшін, егер бұл орындамаушылық немесе орындау кезінде кідірту тежеусіз күш (бұдан әрі - форс-мажор) жағдайынан туған болса Тараптардың ешқайсысы жауапты болмайды.

13. Тежеусіз күш жағдайына әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар (өрт, ірі апаттар, коммуникациялардың бұзылуы т.б.) және осы жағдайлардағы өзге де төтенше және қайтусыз жайттар жатады.

14. Форс-мажор жағдайларынан туындаған инвестициялық келісімшарт бойынша жұмыстардың толық немесе ішінара тоқтауы кезінде, Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу жолымен форс-мажордың әрекеті мерзімінде бұл жұмыстардың жүргізілу мерзімі ұзартылады және форс-мажор аяқталған сәттен бастап жаңартылады.

15. Форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, одан зардап шеккен Тарап ол басталған күннен 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы форс-мажор оқиғасы басталған күнді және сипаттамасын көрсете отыра, жазбаша хабарламаны тапсыру жолымен екінші Тарапты хабардар етеді.

16. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешуін іздеу үшін дереу келіссөздер өткізеді және мұндай жағдайлардың зардаптарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

## 9. Құпиялылық

17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптар, келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде оны іске асыру жөніндегі жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпараттар және есептер бойынша құпиялылық шарттарын (осы инвестициялық келісімшарттың 18-тармағына сәйкес) сақтауы т и і с .

18. Екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз ешбір Тарап Келісімшарттың мазмұнына қатысты немесе \_\_\_\_\_

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

жобаны жүзеге асыруға байланысты және құпия деп есептелетін өзге де ақпаратты ашуға мына жағдайлардан басқа жағдайда құқығы жоқ:

1) егер ақпарат сот талқыламасы барысында пайдаланылса;

2) ақпарат инвестициялық келісімшарт бойынша Тараптардың біріне қызмет көрсететін үшінші тұлғаға, бұл үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялық шарттарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және айқындалған мерзімде ғана пайдалануға міндеттеме алу шарты берілген жағдайда;

3) ақпарат инвестициялық келісімшарт бойынша Тарап қаржы қаражаттарын алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға берілсе, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпараттың құпиялық шарттарын сақтауға міндеттеме а л ғ а н ж а ғ д а й д а ;

4) кез-келген, оның ішінде Инвестордың оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары шетелдік банктерде ашылған кез-келген шарттарына қатысты банкілік құпия болып табылатын, ақпаратқа ене алатын салық немесе өзге де Қазақстан Республикасының мемлекеттік Уәкілетті органы берген ж а ғ д а й д а ;

5) егер, Уәкілетті орган жасасқан инвестициялық келісімшарт бойынша \_\_\_\_\_ жобаны

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

іске асыруға қатысты нормативтік құқықтық кесімдерді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласа. Бұл ретте Уәкілетті орган инвестициялардың сомасы мен іске асырылатын өңірлердің және \_\_\_\_\_

ж о б а н ы ң

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

атауы туралы ақпаратты ғана жариялауға құқылы.

## 10. Инвестициялық келісімшарт жағдайларының сақталуын бақылау



19. Инвестициялық келісімшарт талаптарының сақталуын бақылауды Уәкілетті орган мынадай нысандарда:

1) камералдық бақылау - Уәкілетті орган осы инвестициялық келісімшарттың 20-тармағына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, оның ішінде жұмыс бағдарламасын және инвестициялық келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарастыру арқылы жүзеге асырады.

20. Инвестициялық келісімшарт жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша тіркелген активтердің пайдалануға берілуін, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындар баптары бойынша таратып жазып, инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептерді жиырма бесінші шілдеден және жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей береді.

21. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жылына бір рет енгізіле алады.

22. Инвестициялық қызмет объектілеріне бара отырып тексеру:

1) жұмыс бағдарламасы аяқталған жағдайда, инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай бұрын өтелетін алты ай кезеңінде;

2) кедендік баждар салудан босатылатын технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар импорты жүзеге асырылған жылдан кейінгі жылдан бастап, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар импорты жағдайында кедендік баждар салудан босату түрінде инвестициялық преференциялар қызметі аяқталғаннан кейінгі жылға дейін, жыл сайын жүргізіледі.

23. Тексеру нәтижелері бойынша Уәкілетті органның өкілі мен Инвестордың басшысы Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасының орындалуының ағымдағы ахуалы актісіне қол қояды.

24. Инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасы орындалмаған немесе дұрыс орындалмаған жағдайда уәкілетті орган Инвесторға бұзушылықтарды көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлама жібереді және бұзушылықтарды жою үшін екі ай мерзім белгілейді.

25. Егер Уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар пайдалануға берілмегені не

пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, инвестициялық келісімшарт бойынша ұсынылған инвестициялық преференциялар салдарынан кедендік баждардың сомасын төлемеген Инвестор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есептей отырып, пайдаланылмаған жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар бөлігінде оларды төлейді.

26. Инвестициялық келісімшарттың бұзылуы туралы ақпарат мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мыналарға:

1) тиісті шаралар қабылдау үшін салық қызметі органдарына, кеден органдарына және қажет болған жағдайда өзге де мемлекеттік органдарға;

2) оларға сәйкес мемлекеттік заттай грант берілген инвестициялық келісімшарттар бойынша салық қызметі органдарына, кеден органдарына, мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

## **11. Дауларды шешу**

27. Тараптар инвестициялық келісімшарттың кез-келген ережелерінің орындалуымен немесе түсіндірулерімен байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу үшін бар күшті салады.

28. Тараптар кез келген Тараптың екінші Тарапқа жазбаша өтінім алған күннен бастап екі ай ішінде келісімге қол жеткізбеген жағдайда даулардың шешілуі Қазақстан Республикасының сот органдарында, сондай-ақ Тараптардың келісімімен айқындалатын басқа инстанцияларда жүргізіледі.

29. Тараптар пайда болған даулар мен келіспеушіліктер толықтай шешілгенше инвестициялық келісімшартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

## **12. Инвестициялық келісімшарттың тұрақтылығына кепілдемелер**

30. Уәкілетті орган мен Инвестор арасындағы жасасқан инвестициялық Келісімшарттың шарттары Заңда көзделген немесе Тараптардың келісімі бойынша инвестициялық келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін жағдайларды қоспағанда, осы инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанша өзгеріссіз қалады.

## **13. Қолданылатын құқық**

31. Инвестициялық келісімшарт негізінде қол қойылған инвестициялық келісімшарт және басқа да келісімдер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

#### **14. Инвестициялық келісімшарттың әрекет ету мерзімі және күшіне енуі**

32. Инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі инвестициялық преференциялардың қолданылу мерзімімен айқындалады. Жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тоғыз айдан кешіктірмей аяқталуға тиіс.

33. Осы инвестициялық келісімшарт Уәкілетті органда тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

34. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы инвестициялық келісімшарттың 16-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, \_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_ (айы) \_\_\_\_ соңғы күнінің өтуі бойынша тоқтатылады.

#### **15. Инвестициялық келісімшартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

35. Тараптар өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

#### **16. Инвестициялық келісімшартты бұзу жағдайлары**

36. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы:

- 1) тараптардың келісімі бойынша;
- 2) бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

37. Уәкілетті орган мынадай:

1) өтініш беруші табыс еткен мәліметтердің бұрмаланғаны және (немесе) жасырылғаны анықталған және инвестициялық преференциялар беру жөніндегі шешімге ықпал еткен жағдайда;

2) Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде;

3) инвестициялық келісімшарттың 20-тармағына сәйкес Инвестор табыс еткен есептіліктегі мәліметтердің бұрмаланғаны немесе жасырылғаны анықталған жағдайда инвесторға жазбаша түрде хабарлаған кезден бастап екі ай өткен соң инвестициялық келісімшартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Бұл жағдайларда Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша берілген

инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын не өнеркәсіптік субсидияларды төлейді.

38. Инвестордың бастамасы бойынша инвестициялық келісімшарт біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есептей отырып төлейді.

39. Инвестициялық келісімшарт тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын төлейді.

40. Инвестициялық келісімшарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Инвестор өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай не инвестициялық келісімшарттың талаптарына сәйкес оның берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады.

41. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды Инвестор Уәкілетті орган инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.

## 17. Инвестициялық келісімшарт тілі

42. Инвестициялық келісімшарт мәтіні, осы инвестициялық келісімшартқа қоса берілетін өзгерістер, қосымшалар, қосымша құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасақталады. Барлық даналар егер, инвестициялық келісімшартта өзге жағдайлар көзделмеген болса, тепе-тең дәл болып табылады және бірдей заңды күшке ие.

43. Тараптар \_\_\_\_\_ тілі қатынас тілі ретінде қолданылатындығына уағдаласады. Инвестициялық келісімшарт күшіне енген күнінен бастап \_\_\_\_\_ жобаны іске асыруға (инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық) қатысты ақпарат \_\_\_\_\_ тілінде жасалады.

## 18. Қосымша ережелер

44. Заңды тұлға - Инвестордың қайта ұйымдасуы Қазақстан Республикасының заңнамасына, уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес жүзеге асырылады.

45. Хабарламалар мен есептер тікелей қолға немесе төменде көрсетілген мекенжайға хабарламамен поштамен жібереледі.

Уәкілетті орган: \_\_\_\_\_  
(атауы, заңды мекен-жайы, телефондары)

Уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_  
( а т ы - ж ө н і )

Инвестор: \_\_\_\_\_  
(атауы, заңды және нақты мекенжайы, телефондары,  
электрондық поштасы)

Инвестор басшысы \_\_\_\_\_  
( а т ы - ж ө н і )

46. Инвестициялық келісімшарт бойынша мекенжайлар өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екі апта мерзімде екінші Тарапқа жазбаша хабарлама б е р у і т и і с .

47. Қосымшалардың ережелері мен инвестициялық келісімшарт арасында қандай да бір ауытқушылық болған кезде, инвестициялық келісімшарт негізге а л ы н а т ы н м ә н г е и е .

48. Осы инвестициялық келісімшартқа \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы Астана қаласында Тараптардың Уәкілетті өкілдері қол қойған.

Уәкілетті орган: \_\_\_\_\_ Инвестор: \_\_\_\_\_  
Қолы \_\_\_\_\_ М.О. Қолы \_\_\_\_\_ М.О.  
20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Инвестициялық преференцияларды  
көздейтін инвестицияларды  
жүзеге асыруға арналған  
келісімшартқа  
1-қосымша

---

### жобасы

(инвестициялық немесе инвестициялық стратегиялық)

бойынша жұмыс бағдарламасы

Инвестордың атауы: \_\_\_\_\_

### 1-бөлім: Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге

Шығын баптары	Тіркелген активтерді пайдалануға енгізген күні	күнтізбелік жыл			Барлығы
		1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	Ж ы л бойынша жиыны	

1-бөлім бойынша жиыны:					

**2 бөлім: Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер, шикізаттар мен материалдар импорты, саны**

Шығын баптары	өлшем бірлігі	күнтізбелік жыл			Барлығы
		1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	Жыл бойынша жиыны	
1. Қосалқы бөлшектер, оның ішінде:					
2. Шикізаттар, материалдар, оның ішінде:					
2-бөлім бойынша жиыны:					

Уәкілетті орган:

Инвестор:

Қолы \_\_\_\_\_ М.О.

Қолы \_\_\_\_\_ М.О.

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Инвестициялық

преференцияларды

көздейтін,

инвестицияларды

жүзеге

асыруға

арналған

келісімшартқа

2-қосымша

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін кедендік баждар салудан босатылған технологиялық импортталған жабдық пен оның жинақтауыштарының тізімі және көлемі**

№	Атауы	КО СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны
1.				
2.				
Жиыны				

Барлығы \_\_ атауы \_\_ парақта.

Уәкілетті орган:

Инвестор:

Қолы \_\_\_\_\_ М.О.

Қолы \_\_\_\_\_ М.О.

20\_\_ жылғы

№ \_\_\_\_\_

Инвестициялық

преференцияларды

көздейтін инвестицияларды

жүзеге асыруға арналған

келісімшартқа

3-қосымша

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін кедендік баждар салудан босатылған технологиялық жабдықтарға қосалқы бөлшектер, шикізаттар мен материалдардың тізімі және көлемі**

№	Атауы	КО СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны
1.				
2.				
Жиыны				

Барлығы \_\_ атау \_\_ парақта

Уәкілетті орган:

Инвестор:

Қолы \_\_\_\_\_ М.О.

Қолы \_\_\_\_\_ М.О.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 8

қарашадағы

№ 1416 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 8

мамырдағы

№ 436 қаулысымен

бекітілген

**Технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізат және (немесе) материалдардың импорты кезінде кедендік баждар салудан босатылатын экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауыш сыныптары деңгейіндегі қызметтің басым түрлерінің тізбесі**

\_\_\_\_\_

Бөлім	Бөлім атауы	Топ	Топ атауы	Сынып	Сынып атауы
01	Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер көрсету	01.1	Маусымдық дақылдарды өсіру	01.11	Дәнді дақылдарды (күрішті қоспағанда), бұршақ дақылдарын және майлы тұқымдарды өсіру
				01.12	Күріш өсіру
				01.13	Көкөністерді және бақша дақылдарын, тамыржемістілер мен түйнекжемістілерді өсіру
				01.14	Қант қамысын өсіру
				01.16	Талшықты иіру дақылдарын өсіру
				01.19	Гүл өсіруді, гүлдерді және гүлшанақта гүлдер өсіруді, гүл тұқымдарын өсіруді қоспағанда, өзге де маусымдық дақылдарды өсіру
		01.2	Көп жылдық дақылдарды өсіру	01.21	Жүзім өсіру
				01.22	Тропикалық және субтропикалық жемістерді өсіру
				01.23	Цитрусты жемістерді өсіру
				01.24	Дәнді жемістерді және сүйекті жемістерді өсіру
				01.25	Жеміс ағаштарының және бұталы жемістер мен жаңғақтардың басқа да түрлерін өсіру
				01.26	Майлы жемістерді өсіру
				01.27	Сусындарды дайындауға арналған дақылдарды өсіру
				01.29	Өзге де көпжылдық дақылдарды өсіру
		01.3	Көшеттік өнімдерін өндіру	01.30	Көшеттік өнімдерін өндіру
		01.4	Мал шаруашылығы	01.41	Сүтті мал тұқымдарын өсіру
				01.42	Малдың өзге де тұқымдары мен буйволдарды өсіру
				01.43	Жылқы мен өзге де тұяқты тұқымдарды өсіру
				01.44	Түйе мен түйетектестерді өсіру
				01.45	Қой мен ешкі өсіру
				01.46	Шошқа мен торай өсіру
				01.47	Құс шаруашылығы
				01.49	Жануарлардың өзге түрлерін өсіру



		01.6	Ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметтің көмекші түрлері	01.64	Тұқымдарды көбейту үшін өңдеу және дайындау		
03	Балық аулау және аквамәдениеті	03.2	Аквамәдениет	03.21	Теңіз аквамәдениеті		
				03.22	Тұщы сулық аквамәдениет		
10	Тамақ өнімдерін өндіру	10.1	Етті өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін өндіру	10.11	Етті қайта өңдеу және консервілеу		
				10.12	Үй құсының етін өңдеу және консервілеу		
				10.13	Ет өнімдерін және үй құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру		
		10.2	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	10.20	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу		
		10.3	Жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу	10.31	Картопты өңдеу және консервілеу		
				10.32	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру		
				10.39	Жемістер мен көкөністерді өңдеудің және сақтаудың өзге де түрлері		
		10.4	Өсімдік және мал майы мен тоң май өндіру	10.41	Май және тоң май өндіру		
				10.42	Маргарин және соған ұқсас мал тоң майын өндіру		
		10.5	Сүт өнімдерін өндіру	10.51	Сүт өңдеу және ірімшік өндіру		
				10.52	Балмұздақ өндіру		
		10.6	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру	10.61	Ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру		
				10.62	Крахмал және крахмалдан жасалған өнімдерді өндіру		
		10.7	Нан және ұн өнімдерін өндіру	10.71	Нан өндіру; ұннан жасалған жаңа пісірілген кондитерлік өнімдерді, торттарды және тәтті тоқаштарды өндіру		
				10.72	Кептірілген нан және печенье өндіру; ұзақ сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді, торттарды, тәтті тоқаштарды, бәліштерді және бисквиттерді өндіру		
				10.73	Макарон өнімдерін өндіру		
						10.81	Қант өндіру
						10.82	Какаоны, шоколадты және қантты кондитерлік тағамдарды өндіру

		10.8	Өзге де тамақ өнімдерін өндіру	10.83	Шай және кофе өндіру
				10.84	Татымды заттар мен тұздықтар өндіру
				10.85	Дайындалған тағам өнімдерін және жартылай фабрикаларды өндіру
				10.86	Балалар тағамын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру
				10.89	Басқа санаттарға енгізілмеген өзге де тамақ өнімдерін өндіру
		10.9	Жануарларға арналған дайын жем-шөп өндіру	10.91	Фермаларда ұсталатын жануарлар үшін дайын жем - шөп өндіру
				10.92	Үй жануарлары үшін дайын жем-шөп өндіру
11	Сусындар өндіру	11.0	Сусындар өндіру	11.06	Уыт өндіру
				11.07	Минералды суларды және басқа да алкогольсіз сусындар өндіру
13	Тоқыма бұйымдарын өндіру	13.1	Иіру, тоқу және әрлеу өндірісі	13.10	Иіру, тоқу және әрлеу өндірісі
		13.2	Тоқыма бұйымдарын өндіру	13.20	Тоқыма бұйымдарын өндіру
		13.3	Дайын тоқыма бұйымдарын өндіру	13.30	Дайын тоқыма бұйымдарын өндіру
		13.9	Өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру	13.91	Тоқыма жаймасын өндіру
				13.92	Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын өндіру
				13.93	Кілем және кілем бұйымдарын өндіру
				13.94	Жіп, арқан, жіңішке арқан, жіңішке бауларды, бауларды өндіру және тор тоқу
				13.95	Киімді қоспағанда, тоқылмаған бұйымдарды өндіру
				13.96	Өзге де техникалық және өнеркәсіптік тоқыма бұйымдарын өндіру
				13.99	Басқа санаттарға енгізілмеген, өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру
14.1	Үлбірден тігілген киімнен басқа, киім өндіру	14.11	Теріден тігілген киімді өндіру		
		14.12	Арнайы киімді өндіру		
		14.13	Сырт киімді өндіру		
		14.14	Іш киімді өндіру		

14	Киім өндіру			14.19	Киімдер мен аксессуарлардың басқа да түрлерін өндіру
		14.2	Үлбірден жасалған бұйымдарды өндіру	14.20	Үлбірден жасалған бұйымдарды өндіру
		14.3	Тоқылған және тоқыма бұйымдар мен киімдер өндіру	14.31	Тоқылған және тоқыма шұлық бұйымдарын өндіру
14.39	Өзге де тоқылған және тоқыма бұйымдарын өндіру				
15	Былғары және оған жататын өнім өндіру	15.1	Теріні илеу және өңдеу; чемодандар, сөмкелер, қайыс және ер-тоқым бұйымдарын өндіру; үлбірді илеу және бояу	15.11	Теріні илеу және өңдеу; үлбірді илеу және бояу
				15.12	Жүк сөмкелерін, әйелдер сөмкелерін және т.с.с, ер-тұрман бұйымдарын және әбзелдерді өндіру
		15.2	Аяқ киім өндіру	15.20	Аяқ киім өндіру
16	Жиһаздардан басқа, ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру; сабаннан өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру	16.1	Ағаш кесу және сүргілеу өндірісі	16.10	Ағаш кесу және сүргілеу өндірісі
		16.2	Сүректен, тоздан, сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған өнімдерді өндіру	16.21	Шпон, фанера, жұқа тақтайлар мен панельдер өндіру
				16.22	Жинақ паркет жабындарды өндіру
				16.23	Басқа да ағаш құрылыс құрылымдарын және ағаш өңдеу бұйымдарын өндіру
17	Қағаз және қағаздан жасалған өнімдер өндіру	17.1	Сүрек массасы мен целлюлоза, қағаз және картон өндіру	17.11	Сүрек массасы мен целлюлоза өндіру
				17.12	Қағаз және картон өндіру
		17.2	Қағаз бен картоннан жасалған бұйымдарды өндіру	17.21	Қатпарлы картонды, қағаздан және картоннан жасалған ыдыс өндіру
				17.22	Шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы қағаз бұйымдарын өндіру
				17.23	Жазу-қағаз бұйымдарын өндіру
				17.24	Тұсқағаздар өндіру
				17.29	Қағаз бен картоннан жасалған өзге де бұйымдарды өндіру
19	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19.1	Кокс пештері өнімдерін өндіру	19.10	Кокс пештері өнімдерін өндіру
		19.2	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19.20	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру
				20.11	Өнеркәсіптік газдарды өндіру
				20.12	Бояғыш заттар мен пигменттерді өндіру

20	Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	20.1	Негізгі химикаттарды, тыңайтқыштарды және азот қоспаларын, алғашқы нысандардағы пластмассалар мен синтетикалық каучукты өндіру	20.13	Өзге де негізгі органикалық емес химиялық заттарды өндіру
				20.14	Өзге де негізгі органикалық химиялық заттарды өндіру
				20.15	Тыңайтқыштар және құрамында азоты бар қоспалар өндіру
				20.16	Бастапқы қалыпта пластмассалар өндіру
				20.17	Бастапқы қалыпта синтетикалық каучук өндіру
		20.2	Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдерді өндіру	20.20	Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдерді өндіру
		20.3	Бояулар, лактар және соларға ұқсас бояғыш заттар, типографиялық бояулар мен мастика өндіру	20.30	Бояулар, лактар және соларға ұқсас бояғыш заттар, типографиялық бояулар мен мастика өндіру
		20.4	Сабын және жуу құралдарын, тазалайтын және жылтырататын препараттар, парфюмерлік өнімдер мен косметикалық заттар өндіру	20.41	Сабын және жуу, тазалағыш және жылтыратқыш құралдарды өндіру
				20.42	Парфюмерлік және косметикалық заттар өндіру
		20.5	Өзге де химиялық өнімдер өндіру	20.51	Жарылғыш заттар өндіру
				20.52	Желім өндіру
				20.53	Эфир майларын өндіру
				20.59	Басқа санаттарға енгізілмеген, өзге де химиялық өнімдер өндіру
20.6	Жасанды талшықтар өндіру	20.60	Жасанды талшықтар өндіру		
21	Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру	21.1	Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру	21.10	Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру
				21.20	Фармацевтік препараттар өндіру
22	Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	22.1	Резеңке бұйымдарын өндіру	22.11	Резеңке покрывкалар мен камералар өндіру; резеңке покрывкаларды қалпына келтіру
				22.19	Өзге де резеңке өнімдерін өндіру
		22.2	Пластмасса бұйымдарын өндіру	22.21	Пластмасса табақтар, шиналар мен профильдерге арналған камералар өндіру
				22.22	Тауарларға арналған пластикалық орамдар өндіру

				22.23	Пластикалық құрылыс бұйымдарын өндіру
				22.29	Басқа пластик бұйымдар өндіру
23	Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру	23.1	Шыны және шыныдан жасалған бұйымдар өндіру	23.11	Жалпақ шыны өндіру
				23.12	Жалпақ шыны жасау және өңдеу
				23.13	Шұңғыл шыны бұйымдарын өндіру
				23.14	Шыны талшығын өндіру
				23.19	Өзге де шыны бұйымдарын өндіру және өңдеу
				23.2	Отқа төзімді бұйымдар өндіру
		23.3	Балшықтан жасалған құрылыс материалдарын өндіру	23.31	Қыш төсемдер мен плиталар өндіру
				23.32	Кірпіш, черепица және күйдірілген саздан өзге де күйдірілген балшықтан жасалған құрылыс бұйымдарын өндіру
		23.4	Өзге де фарфор және қыш бұйымдарын өндіру	23.41	Қыштан жасалған тұрмыстық және сәндік бұйымдар өндіру
				23.42	Қыш гигиеналық сантехникалық жабдық өндіру
				23.43	Қыш электр оқшаулағыштар мен оқшаулау арматурасын өндіру
				23.44	Өзге де техникалық қыш бұйымдарды өндіру
		23.5	Цемент, әк және сылақ өндіру	23.51	Клинкерлерді қоса цементті өндіру
				23.52	Әк және құрылыс гипсін өндіру
		23.6	Бетоннан, цементтен және гипстен жасалған құрылыс мақсатына арналған бұйымдар өндіру	23.61	Бетоннан жасалған құрылыс бұйымдарын өндіру
				23.62	Құрылыс мақсаттары үшін гипстен жасалған бұйымдар өндіру
				23.63	Пайдалану үшін дайын бетон өндіру
				23.64	Құрғақ бетон қоспаларын өндіру
23.65	Асбест-цементтен және талшықты цементтен жасалған бұйымдар өндіру				

				23.69	Бетоннан, құрылыс гипсі мен цементтен жасалған өзге де бұйымдарды өндіру
		23.7	Тасты кесу, өңдеу және әрлеу	23.70	Тасты кесу, өңдеу және әрлеу
		23.9	Абразивті бұйымдар мен өзге де металл емес минералды өнім өндіру	23.91	Абразивті бұйымдар өндіру
				23.99	Басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де металл емес минералды өнім өндіру
24	Металлургия өнеркәсібі	24.1	Шойын, болат және феррокорытпалар өндіру	24.10	Шойын, болат және феррокорытпалар өндіру
		24.2	Болаттан жасалған құбырлар, құбыржолдар, пішіндер, фитингілер өндіру	24.20	Болаттан жасалған құбырлар, құбыржолдар, пішіндер, фитингілер өндіру
		24.3	Бастапқы өңдеу жолымен өзге де болат бұйымдарын өндіру	24.31	Салқын тәсілмен созу
				24.32	Таспаларды және еңсіз жолақтарды суықтай таптау
				24.33	Салқындатып қалыптау немесе бүктеу
				24.34	Сымдарды салқындатып созу жолымен өндіру
		24.4	Негізгі бағаны және түсті металдарды өндіру	24.41	Бағалы (асыл) металдар өндіру
				24.42	Алюминий өндіру
				24.43	Қорғасын, мырыш және қалайы өндіру
				24.44	Мыс өндіру
				24.45	Өзге де түсті металдар өндіру
				24.46	Ядролық отынды қайта өңдеу
		24.5	Металдарды құю	24.51	Шойын құю
				24.52	Құрыш бұйымдарды құю
				24.53	Жеңіл металдарды құю
				24.54	Өзге де түсті металдарды құю
		25.1	Құрылыстық металл құрастырмалары мен бұйымдар өндіру	25.11	Құрылыстық металл құрылымдар мен бұйымдар өндіру
				25.12	Металл есіктер мен терезелер өндіру
				25.21	Орталықтан жылыту радиаторлары мен қазандықтар өндіру
25.2	Металл цистерналар, резервуарлар мен контейнерлер өндіру				
	Орталық жылытуға арналған қазандықтардан				

25	Машиналар мен жабдыктан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру	25.3	басқа, бу қазандықтарын өндіру	25.30	Орталық жылыту қазандықтардан басқа, бу қазандықтарын өндіру
		25.4	Қару-жарақ және оқ-дәрі өндіру	25.40	Қару-жарақ және оқ-дәрі өндіру
		25.5	Табақша металды роликпен соғу, сығымдау қалыптау және пішіндеу роликті қаңылтыр игіш машинамен табақша металды белгілі бір қалыпқа келтіру; ұнтақ металлургия	25.50	Табақша металды роликпен соғу, сығымдау, қалыптау және пішіндеу роликті қаңылтыр игіш машинамен табақша металды белгілі бір қалыпқа келтіру; ұнтақ металлургия
		25.6	Металдарды өңдеу және бояу; машина жасаудың негізгі технологиялық үдерістері	25.61	Металдарды өңдеу және металдарды бояу
				25.62	Машиналық өңдеу; металдарды өңдеу және жағу
		25.7	Асхана құралдарын, металдан жасалған қол аспаптарын және жалпы мақсаттағы металл бұйымдарды өндіру	25.71	Өзге де металл бұйымдарды өндіру
				25.72	Құлыптар, ілгектер және топсалар өндіру
				25.73	Құралдар өндіру
		25.9	Өзге де дайын металл бұйымдарын өндіру	25.91	Металл бөшекелер мен осыған ұқсас сыйымдылықтар өндіру
				25.92	Жеңіл металдардан жасалған буып-тую материалдарын өндіру
				25.93	Сымнан, шынжырдан және серіппелерден жасалған бұйымдар өндіру
				25.94	Бекіту бұйымдарын өндіру
				25.99	Басқа санаттарға енгізілмеген, өзге де дайын металл бұйымдарды өндіру
		26	Компьютерлер, электрондық және	26.1	Электрондық бөлшектер өндіру
26.12	Электрондық жүктеу панельдерін өндіру				
26.2	Компьютерлер мен перифериялық жабдық өндіру			26.20	Компьютерлер мен перифериялық жабдық өндіру
26.3	Байланыс жабдығын өндіру			26.30	Коммуникациялық жабдық өндіру
26.4	Тұрмыстық электроника аспаптарын өндіру			26.40	Пайдаланушыларға арналған электронды аспаптар өндіру
26.5	Өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған	26.51	Өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған		

	оптикалық өнімдер өндіру		құралдар мен аспаптарды; Қол сағаттары мен өзге де сағат түрлерін өндіру		құралдар мен аспаптарды өндіру
		26.6	Сәулелендіруші, электромедициналық және электротерапевтік жабдық өндіру	26.60	Сәулелендіруші, электромедициналық және электротерапевтік жабдық өндіру
		26.7	Оптикалық аспаптар мен фотографиялық жабдық өндіру	26.70	Оптикалық аспаптар мен фотографиялық жабдық өндіру
		26.8	Ақпарат берудің магнитті және оптикалық құралдарын өндіру	26.80	Ақпарат берудің магнитті және оптикалық құралдарын өндіру
27	Электр жабдығын өндіру	27.1	Электр моторларын, генераторлар, трансформаторлар және электр тарату және бақылау аппаратурасын өндіру	27.11	Электр моторларын, генераторлар, трансформаторлар өндіру
				27.12	Электр тарату және реттеу аппаратурасын өндіру
		27.2	Батареялар мен аккумуляторлар өндіру	27.20	Батареялар мен аккумуляторлар өндіру
		27.3	Электр өткізгіштер мен электр өткізгіш аспаптар өндіру	27.31	Талшықты-оптикалық кәбіл өндіру
				27.32	Электр сымы мен кәбілдің өзге де түрлерін өндіру
				27.33	Электр аспаптарын өндіру
		27.4	Электрмен жарықтандыру жабдығын өндіру	27.40	Электрмен жарықтандыру жабдығын өндіру
		27.5	Тұрмыстық аспаптарды өндіру	27.51	Тұрмыстық электр аспаптарын өндіру
				27.52	Электрлік емес тұрмыстық аспаптар өндіру
		27.9	Өзге де электр жабдығын өндіру	27.90	Өзге де электр жабдығын өндіру
28.1	Жалпы мақсаттағы машиналарды өндіру		28.11	Авиация, автомобиль және мотоцикл қозғалтқыштарынан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналар өндіру	
			28.12	Гидравликалық жабдықты өндіру	
			28.13	Өзге де сорғыларды, компрессорларды, тығындар мен қақпақшаларды өндіру	
			28.14	Өзге де шүмектер мен вентильдер өндіру	
			28.15	Мойынтіректерді, жетектерді және тісті берілістердің элементтерін және жетектерді өндіру	



28	Басқа санаттарға енгізілмеген, машиналар мен жабдық өндіру	28.2	Жалпы мақсаттағы өзге де техниканы өндіру	28.21	Плиталар, пештер және пеш оттықтарын өндіру
				28.22	Көтеру және тасымалдау жабдығын өндіру
				28.23	Кеңсе техникасы мен жабдығын өндіру (компьютерлер мен перифериялық жабдықты қоспағанда)
				28.24	Қол электр құралдарын өндіру
				28.25	Өнеркәсіптік тоназыту және желдету жабдығын өндіру
				28.29	Басқа топтамаларға енгізілмеген, жалпы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар өндіру
				28.3	Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасын өндіру
		28.4	Металдарды қысыммен өңдеуге арналған жабдықты және механикалық станоктарды өндіру	28.41	Металдарды қысыммен өңдеуге арналған жабдықты өндіру
				28.49	Өзге де металл өңдейтін станоктарды өндіру
		28.9	Арнайы мақсаттағы техниканың өзге де түрлерін өндіру	28.91	Металлургияға арналған машиналар мен жабдық өндіру
				28.92	Тау-кен өндіру өнеркәсібіне, жер асты жұмыстарын әзірлеуге және құрылысқа арналған техниканы өндіру
				28.93	Тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге арналған жабдықты өндіру
				28.94	Тоқыма, тігін, үлбір және тері бұйымдарын дайындауға арналған жабдықты өндіру
				28.95	Қағаз бен картонды дайындауға арналған техниканы өндіру
				28.96	Рецеңкені, пластмассалар мен басқа да полимер материалдарын қайта өңдеуге арналған жабдықты өндіру
				28.99	Басқа топтамаға енгізілмеген, арнайы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтарды өндіру

29	Автокөлік құралдарын , трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндіру	29.1	Автокөлік құралдарын өндіру	29.10	Автокөлік құралдарын өндіру
		29.2	Автокөлік құралдарына арналған шанақтарды өндіру; трейлерлерді және жартылай тіркемелерді өндіру	29.20	Автокөлік құралдарына арналған шанақтарды өндіру; трейлерлерді және жартылай тіркемелерді өндіру
		29.3	Автокөлік құралдары мен о л а р д ы ң қозғалтқыштарының бөлшектері мен керек-жарақтарын өндіру	29.31	Автокөлік құралдарына арналған электрлік және электрондық жабдық өндіру
29.32	Автокөлік құралдары мен олардың қозғалтқыштарының басқа бөлшектері мен керек-жарақтарын өндіру				
30	Өзге де көлік құралдарын өндіру	30.1	Теңіз кемелері мен қайықтарды өндіру	30.11	Корабльдерді және жүзетін конструкцияларды жасау
				30.12	Серуендеу және спорт қайықтарын жасау
		30.2	Темір жол локомотивтері мен жылжымалы құрамды өндіру	30.20	Темір жол локомотивтері мен жылжымалы құрамды өндіру
		30.3	Әуе және ғарыштық ұшу аппараттарын өндіру	30.30	Әуе, ғарыш және т.с.с техникасын өндіру
		30.4	Әскери ұрыс автокөлік құралдарын өндіру	30.40	Әскери ұрыс автокөлік құралдарын өндіру
		30.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген, көлік жабдығын өндіру	30.91	Мотоциклдерді өндіру
30.92	Велосипедтер мен мүгедектер арбаларын/креслоларын өндіру				
31	Жиһаз өндіру	31.0	Жиһаз өндіру	31.01	Кеңсе және студия жиһаздарын өндіру
				31.02	Ас үй жиһазын өндіру
				31.03	Матрастар өндіру
				31.09	Өзге де жиһаз өндіру
32	Өзге де дайын бұйымдарды өндіру	32.5	Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру	32.50	Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру
33		33.1	Дайын металл бұйымдарын , машиналар мен жабдықты жөндеу	33.11	Дайын металл бұйымдарды жөндеу
				33.12	Машиналар мен жабдықты жөндеу
				33.13	Электрондық және оптикалық жабдықты жөндеу
				33.14	Электр жабдығын жөндеу
				33.15	Корабльдер мен қайықтарды жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету

	Машиналар мен жабдықты жөндеу және орнату			33.16	Әуе кемелері мен ғарыш кемелерін жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету
				33.17	Көлік жабдықтарының өзге де түрлерін жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету
				33.19	Өзге де жабдықтарды жөндеу
		33.2	Өнеркәсіптік техника мен жабдықты монтаждау	33.20	Өнеркәсіптік техника мен жабдықты монтаждау
35	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондициялау	35.1	Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу	35.11	Электр энергиясын өндіру
				35.12	Электр энергиясын беру
				35.13	Электр энергиясын бөлу
				35.14	Электр энергиясын тұтынушыға сату
		35.2	Газ тәрізді отынды өндіру және бөлу	35.21	Газ тәрізді отынды өндіру
				35.22	Құбыржолдар арқылы газ тәрізді отынды бөлу
				35.23	Газ тәрізді отынды құбыржолдар арқылы сату
		35.3	Бу беру және ауаны тазалау жүйелері	35.30	Бу беру және ауаны тазалау жүйелері
		36	Суды жинау, өңдеу және тарату	36.0	Суды жинау, өңдеу және тарату
38	Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату	38.1	Қалдықтарды жинау	38.12	Қауіпті қалдықтарды жинау
		38.2	Қалдықтарды өңдеу және жою	38.21	Қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою
		38.3	Қалдықтарды кәдеге жарату	38.32	Қалдықтар мен қара және түсті металлдар сынықтарын өңдеуді қоспағанда, сұрыпталған материалдарды кәдеге жарату
42	Азаматтық құрылыс	42.1	Автомобиль және темір жолдарды салу	42.11	Жолдар мен тас жолдар салу
				42.12	Темір жолдар мен метро салу
				42.13	Көпірлер мен туннельдер салу
		42.2	Инженерлік құрылыстарды салу	42.21	Инженерлік тарату объектілерін салу
				42.22	Электр энергиясымен және телекоммуникациямен қамтамасыз ету үшін тарату объектілерін салу
		42.9	Азаматтық құрылыстың өзге де объектілерін салу	42.91	Су құрылыстарын салу
				42.99	Басқа топтамаларға енгізілмеген, азаматтық өзге де құрылыс объектілерін салу
		49.1	Қалааралық жолаушыларға арналған темір жол көлігі	49.10	Қалааралық жолаушыларға арналған темір жол көлігі

49	Құрлықтағы көлік және құбыржолдар арқылы тасымалдау	49.2	Жүк темір жол көлігі	49.20	Жүк теміржол көлігі
		49.3	Өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігі	49.31	Қалалық және қала маңына жүретін жерүсті жолаушылар көлігі
				49.39	Басқа санаттарға жатқызылмаған, жерүсті жолаушылар тасымалдарының өзге де түрлері
		49.4	Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау және қалдықтарды шығару жөніндегі қызметтер	49.41	Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау
		49.5	Құбыржолдар мен тасымалдау	49.50	Құбыржолдар мен тасымалдау
50	Су көлігі	50.1	Теңізде және жағалауда жүретін жолаушылар көлігі	50.10	Теңізде және жағалауда жүретін жолаушылар көлігі
		50.2	Теңізде және жағалау суларымен жүк су тасымалы	50.20	Теңізде және жағалау суларымен жүк көлігі
		50.3	Өзендегі жолаушылар көлігі	50.30	Өзендегі жолаушылар көлігі
		50.4	Өзендегі жүк көлігі	50.40	Өзендегі жүк көлігі
51	Әуе көлігі	51.1	Әуе жолаушылар көлігі	51.10	Теңізде және жағалауда жүретін жолаушылар көлігі
		51.2	Әуе жүк көлігі және ғарыштық көлік жүйесі	51.21	Әуе жүк көлігі
				51.22	Ғарыштық көлік жүйесі
52	Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі	52.1	Жүктерді қоймаға қою және сақтау	52.10	Жүктерді қоймаға қою және сақтау
		52.2	Тасымалдау кезіндегі қызметтің қосалқы түрлері	52.21	Азаматтардың меншігі болып табылатын көліктік құралдарды сақтау бойынша қызметтерді қоспағанда, құрлықтағы жол көлігі саласында қызмет көрсету
				52.22	Су көлігі саласындағы қызметтер
				52.23	Әуе кеңістігін пайдалануды реттеуді қоспағанда, әуе көлігі саласындағы қызметтер
		52.24	Жүктерді көліктік өңдеу		

Ескертпе: осы тізбеге сәйкес қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына технологиялық жабдықтарына мен оның қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарда импорттау кезінде салынатын кедендік баж салымдарынан тіркелген активтердегі

инвестициялардың мынадай көлеміне байланысты айқылдаған мерзімдерге  
б о с а т у :

- 1) АЕК 1 (млн.) дейін – 3 жылға;
- 2) АЕК 1-ден 5 (млн.) дейін – 4 жылға;
- 3) АЕК 5 (млн.) артық – 5 жылға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК